

**Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Заречный мектеп – лицейі» ММ
ГУ «Заречная школа – лицей» отдела образования акимата Костанайского района**

ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі және Қазақстан

**Орындаған: Қайралапова К.Б.
Тексерген: Мағзұмова Ж.К.**

ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі және Қазақстан

Мақсаты: білімділік – 1851 жылдан бастау алып келе жатқан дүниежүзілік көрмелер тарихымен таныстыра отырып, 2017 жылы Қазақстанда өтетін ЭКСПО көрмесінің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңыздылығы туралы білім қалыптастыру. Дамытушылық отанымызда ЭКСПО – 2017 көрмесін өткізу үшін жүргізіліп жатқан шараларға өз ой – пікірін білдіру қабілетін дамыту. Тәрбиелік Отанымыз жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту. Сабақтан барысы . I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Барысы: 1. «Тәуелсіздік және ЭКСПО» Сабақтан эпиграфы: «Бұл Қазақстан үшін үлкен құрмет және қуанышты оқиға. Астанада «ЭКСПО - 2017» көрмесін тұрғызамыз, өз экспозициямызды заманауитехнологиямен қамтамасыз етеміз. Бұл әдемі нысан жаңа Елордамыздың ең үздік бренді болады Н.Ә. Назарбаев . 2. ЭКСПО деген қандай көрме? Мұғалім: Дамыған елдер соңғы бір жарым ғасырдан бері бір – біріне жетістіктерімен мақтанып, табыстарын таразылап қою үшін өзара бас қосып, барын базарлап отыруды дәстүрге айналдырып келеді. Бұл дәстүр ел арасында халқаралық көрме немесе ЭКСПО деп аталады. ЭКСПО атауы өзінің аты айтып тұрған, «экспонат» деген сөзден шыққан, қазақшасы – жәдігер. Дүние жүзі халықтарының өмірдің түрлері саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көрсететін алаң. Бүгінде бұл көрмеге дүниежүзінің 161 мемлекеті мүше болып отыр. Оның жұмысын ұйымдастыру үшін арнайы Халықаралық Көрмелер Бюросы (ХКБ) құрылған. Штаб пәтері Парижде орналысқан. Қазақстан ХКБ – ға 1997 жылы мүше болып кірді. Жалпы, ЭКСПО көрмесінің екі түрі бар. Оның бірі халықаралық әмбебап көрме. Ол бес жылда бір рет өткізіледі. Келушілер көрмеге қойылған экспонаттарды алты ай бойы тамашалай алады. Екіншісі халықаралық мамандандырылған көрме. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, 2 – 2,5 жылда бір рет өткізіледі. Мерзімі – үш ай. Қазақстанның әлемі елдері үшін өткізетіні байқауы да – соңғысы. Мамандандырылған халықаралық көрменің өтетін уақыты 2017 жылы 10 маусымы мен 10 қыркүйегінің аралығы деп белгіленді. 3. 3. Халықаралық көрмелердің тарихы. 1. Оқушы: ЭКСПО – ның негізін қалаушысы болып ғылымға қызығушылық танытқан Ұлыбританиялық ханзадасы Альберт есептеледі. Алғашқы Бүкіләлемдік көрме 163 жыл бұрын Лондонда, 1851 жылдың 1 мамырында ашылған және Гайд – саябағында орналасқан. 20 аптаның ішінде оған 6 млн. адам келген (сол кезде Лондонда 3 млн. адам тұрған болатын). Көрме ғимаратынаның ең үздік сәулет өнері жобасы байқауында әйнектен жасалатын ғимарат – Хрустальді сарай салуды ұсынған Джозеф Пакстон жеңіске жеткен. Викториандық дәуірде дүр сілкіндерген сарай қазіргі күнге дейін сақталмаған. 1936 ол өртеніп кеткен. Алғашқы көрмеде сол кезде әлемде өндірілген заттардың барлығын көруге болатын. Бірақ құрал – жабдықтар бөлімі ең үлкен әсер қалдырған: бу қозғалтқыштары, стерео – фотосуреттер, американдық Чарльз

Гудиер ойлап тапқан ысытылған резеңке, қойытылған сүт, консервіленген азық – түлік, мүгедектерге арналған протездер, шыны көздер, стоматологиялық креслола, «веналық» деп аталатын орындықтар және басқа да заттар. Көрмеден түскен пайда комақты болған – шамамен 186000 фунт стерлинг. Осы ақша бірнеше мұражайларының құрылысына, солардың ішінде, әйгілі Виктория мен Альберттің мұражайының бой көрсетуіне жұмсалған. Ұлыбританияның екінші көрмесі 1867т жылы, ал үшінші көрмесі 1924 жылы өткен. 2 – оқишы: Наполеон да ЭКСПО – ны қалаған. Көрменің әлемде дүр сілкіндіргендігі соншалықты, Францияның императоры III Наполеон өз үйінде осыған ұқсас бірдеңе ұйымдастыруды ұйғарыпты. Ол өзінің шарасы былай атаған екен: Ауыл шаруашылық, өнеркәсіп және өнер крмесі. Ол 1855 жылы Пвариж қаласында, 15 мамыр мен 15 қараша аралығында өтіп 5 млн аса адам келген. Көптеген лауазымы жоғары адамдарың қатарында Англияның ханымы Виктория да болған. Дәл сол Парижде адамдар алғашқы рет көгалшапшық, кір жуу машинасы, сөйлейтін қуыршақ, алты атқыш (револьвер) және мұнаймен қозғалатын алғашқы көлік құралдарының бірі – автокөлік сияқты «инновациялық» өнертабыстарды тамашалаған болатын. 3 – оқушы: 1867 жылы француздар тағы да көрме өткізуді шешкен және оны Екінші әмбебап деп атаған. Басты идеясы ғылыми – техникалық революцияның дамыун көрсету емес, елдер арасындағы ынтымақтастықты ретке келтіру еді. Алайда бұл көрмеде өнертапқыштардың туындылары көрсетілген жоқ деген сөз емес. Мәселен, 1857 жылы жұртшылыққа алғашқы рет сүңгу және өртке қарсы костюмдер, гидравликалық жеделсаты, сусындарды бөліп құюға арналған құрал – жабдықтар және басқа заттар ұсынылды. Дәл осы көрме көптеген монархтардың назарын аудартты. Парижге түрік сұлтанының келуі де елдер арасындағы қарым – қатынастың дамуындағы үлкен ілгерілу болды. Францияның астанасында автриялық император I Франц Иосиф, өзінің канцлері Бисмаркпен бірге келген пруссиялық король I Вильгельм және ресейлік патша II Александр кездескен. ЭКСПО – ға барлығы 15 миллион адам келен. 4. Оқушы: 1889 жылғы Бастилияны алудың жүз жылдығына арналып өткізілген ЭКСПО кезінде Франция Эйфель мұнарасына жұрт назарына ұсынған. Ол мұнараны француздар әуелде бүкіләлемдік көрме павильондардына жол ашатын арка ретінде тұрғызған. «Темір ханым» деп атап кеткен мұнараға көрме күндерінің өзінде 2 миллион адам көтеріліпті. Бүгінде бұл мұнара Париждің символы. 1900 жылы Парижде өткен. Бүкіләлемдік жетістіктер көрмесінде IV Халықаралық электотехникалық конгресі өтіп, онда Ресей зерттеушісі К. Персидский алғаш рет өзінің баяндамасында «телевидение» терминің. 5. Оқушы: Парижде 1925 жылы Дүниежүзілік көрмеде қазақтың дарынды әншісі Ә. Қашаубаев қатысқан. Ол энографиялық концертке қатысып, байқаудың екінші орынды иеленіп, күміс медаль алған еді. Өміре аты әлемге

танылған әйгілі Энрико Карузо және Марио Ланца сынды әншілерге басып озды деуге болады. Қазақ әншісінің әң орындауының арқасында бүкіл әлем біздің елді, қазақ музыка өнері туралы, қазақ елінің ұлттық киімі жайлы білді. 6. Оқушы: ЭКСПО – 1992 Испанияның Севильес қаласында 20 сәуірден 12 қазанға дейін өтті. Көрменің басты тақырыбы – «Жаңалықтар ғасыры». ЭКСПО – 1992 Христофор Колумбтың (1492 – 1992) Американы ашқандығына 500 жыл толуына орай ұйымдастырылды. 215 га аумақты 100 – ден астам ел қатысты. Халықаралық көрме бюросының мемлекеттері бойынша, келушілердің саны 41 814 571 адамды құрады. 7. Оқушы: 2008 жылғы 14 маусымнан 14 қыркүйекке дейін Испанияның маңызды қалаларының бірі Сарагоса «Су және тұрақты даму» тақырыбындағы Бүкіләлемдік көрмені қабылдады. Үш ай бойы барлық назар су тақырыбына аударылды. Сарагосадағы 2008 жылғы ЭКСПО – да, Қазақстан 104 қатысушы елдер арасында «С» санатындағы павильондар арасында павильон рәсімдеудің ішкі және сыртқы критерийлері бойынша қола марапатқа ие болды. Осы Бүкіләлемдік көрмеге қатысқан Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев лсындай көрмені Астанада өткізудің мүмкіндігі туралы айтты. 8. Оқушы: 1876 жылы ЭКСПО еөрмелеріне ақыры Америка қосылды (Филадельфия қаласы). Көрме ішінде темір жол көлігін қолдану нағыз ноу – хау болды. Дәл сол Филадельфияда алғашқы рет Александр Грэм Беллдің телефоны, Томас Альфа Эдисонның телеграфы, Ремингтонның жазу машинасы және «Хайнц» қызынық кетчупы көрермендер назарына ұсынылды! 9. Оқушы: 1893 жылы Чикаго қаласында, Америка құрлығында екінші рет Бүкіләлемдік әмбебап көрме ашылды. Ал 1893 жылғы Чикаго көрмесі Христофор Колумбтың Американы ашқанына 400 жыл толу құрметіне арналды. Христофор Колумбтың құрметіне бұл әлемдік көрме «Колумбтық» деп аталды. 1893 жылғы Бікіләлемдік жетістіктер көрмесінің жалауы Чикаго қаласында жарты жыл бойы -1 мамырдан 30 қазанға дейін желбіреді. Осы уақыт аралығында бұл көрмені дүние жүзінің түкпір – түкпірінен келген 21 миллионнан астам адам тамашалады. 10. Оқушы: 1904 жылғы Сент – Луис Көрмесінің атағын шығарған вафель стаканшыларға салынған балмұздақтар болыпты. Бір ғасырдан бұрынғы сол жаңалықтар әлі күнге ескірмей келе жатыр. Чикаго қаласы ЭКСПО – ны 1933 – 1934 жж. қабылдады. Көрме сондай сәтті өтті – оған 39 миллион адам келген – бұл шығындалған қайтарып қоймай, сонымен бірге табыс табуға да мүмкіндік туғызды. Чикагода көптеген жаңалықтар болды, бірақ ең маңызды жетістіктер авиациямен байланысты болды. Бельгия әлемдегі ең алғашқы луна – саябақты ұсынды. 1962 жылғы Сиэтлдегі Бүкіләлемдік көрменің тақырыбы – «Ғарыш дәуіріндегі адам» . IBM компаниясы өзінің алғашқы компьютерлерін көрсетті. 11. Оқушы: 1967 және 1986 жылдардағы Канададағы халықаралық көрмелер. Франция Жак – Ив Кусто экспедицияларының олжаларын қалың

жұртшылыққа көрсетсе, Кеңес Одағы Юрий Гагариннің Жерді айналып шаққан ғарыш капсуласын әкелді. 1967 жылғы АҚШ Монреаль қаласындағы павильонда көрермендерге ғарыш кемелері ұсынылды. «Адамдар планетасы» тақырыбындағы көрмеге 50 миллионнан астам адам келген. Салыстырып көрейік: сол жылдары Канададан халық небірі 20 млн болатын. 12. Оқушы: ЭКСПО – 1986 Ванкувер қаласының жүз жылдығына орай 1986 жылғы 2 мамыр мен 13 қазан аралығында өткізілген II санатты дүниежүзілік көрме. Көрменің тақырыбы: «Көлік және байланыс: қозғалыстағы және байланыстағы алем». Қатысушы елдер саны жүзеге жуық, ал келушілер 6,5 млн адам құрады. 13. Оқушы: Австралия, 1988 жыл. Жасыл құрлықта өткен бүкіләлемдік алғашқы көрме Австралиядағы Брисбен қаласында 1985 жылғы 30 сәуір – 30 қазан аралығында ұйымдастырылды. Көрме тақырыбына «Техника ғасырындағы бос уақыт». Жәрмеңке 18 млн астам келушіні тартты. ЭКСПО – 1988 көрмесі Квинсленд қаласына айналдырды. 14. Оқушы: 1940 жылғы Осакадағы ЭКСПО – да көрме символы – Күн мұнарасы орналған Фестивальдар алаңы. АҚШ павильонында көрермен назарына «Аполлон – 12» ғарыш кемесінің астронавтары әкелген ай тасы ұсынылды. Сол жерде ғалымдар 500000 есе күшейтілетін электрондық микроскобын және 500 км/сағ. Дейінгі жылдамдықпен жүре алатын электромагниттік таянышы бар пойыздардың үлгілерін, толық масштабы ядролық реакторлық макетін, АҚШ пен КСРО – ның сансыз ғарыш кемелері мен алып роботтардың макеттерін ұсынды. 15. Оқушы: ЭКСПО – 1985 Бүкіләлемдік көрмесі 1985 жылғы 17 наурыздан 16 қыркүйекке дейін жапондық Цукуба қаласында өтті. Көрменің тақырыбы «Адам тұрмысын жақсарту үшін ғылым мен технологияларды дамыту». Көрмеге жалпы 20 млн адам келді және 111 мемлекет қатысты. Дүниежүзілік EXPO – 2005 көрмесі Жапон қаласы Нагояда өтті. 16. Оқушы: ЭКСПО – 2010 – 2010 жылдың 1 мамыры мен 31 қазаны аралығында Қытайдың Шанхай қаласында өткен дүниежүзілік көрме. 2010 – жылғы көрме тақырыбы: «Жақсы қала – Жақсы өмір». Көрменің жалпы ауданы – 5,28 шаршы шақырым. Көрмеге 190 – нан астам ел және шмамен 73 млн. Адам қатысты. Ұйымдастырушыларға шара 12 млрд.доллар пайда әкелді. Орта бизнес табысы, кем дегенде 20 айызға артты. Қазақстан павильоны «Азия» аймағында Жапония мен Оңтүстік Кореямен көршілесорналысқан. Шанхай ЭКСПО – 2010 – дағы Қазақстан павильонының басты мақсаты Астананы халықаралық деңгейде әлемдегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан елдің астанасы ретінде таныстыру. Қазақстан ұлттық экспозициясының тақырыбы «Астана – Евразия жүрегі». Павильонға 1 млн жуық адам келді. 17. Оқушы: ЭКСПО – 93 бүкіләлемдік көрмесі Оңтүстік Кореяның Тэджон қаласында 1993 жылғы 7 тамыздан 7 қарашаға дейін жалғасты. Көрменің тақырыбы – дамудың жаңа жолын таңду. Осы жылы өткен EXPO – ның басты символ – ғарыштан келген Кумдори сәбиі. Көрменің орталығы – биіктігі 93

метірлік Үлкен Жарық Мұнарасы. ЭКСПО – 2012: 2012 жылғы 12 мамырдан 12 тамызға дейінгі аралықта Оңтүстік Кореяның Ёсу қаласы «Жанды мұхит және жағалау» тақырыбындағы Халықаралық мамандандырылған көрмені қабылдады. Көрме аумағы Халюсидо Ұлттық Паркімен және Одонг аралымен шектесіп. Табиғи жағдайы ЕХРО тақырыбын жандандыра түсетін 317 шағын аралдармен қоршалған. Ёсу ЭКСПО – 2012 халықаралық қауымдастықтың әлемдік мұхиттың және жағалаудан қызметі мен құндылықтары туралы танымен кеңейтіп, теңіз саласында қызметтесуді жолға қою қажеттігін көрсетті. 18. Оқушы: Бельгиядағы халықаралық көрмелер тарихы. Ядролық заман. Еуропаның көрмелер бағытындағы және бір белсенді елі Бельгия болып табылды. 1955 жылғы көрменің басты тақырыбы: «Прогресс пен адамзат». Брюссельде адамдар алғашқы рет жер серігі, атомдық электростанцияның үлгісін, жаңа қозғалтқыштар мен болашақ компьютерлердің ізашарларын көрді. Брюссельге 41 миллионнан аса адам келді. Қазақстан ұлы суретшісі Орал Таңсықбаевтың «Қрақұм ГЭС – нің таңы» картинасының 1958 жылғы Брюссель көрмесінде медаль иеленуі оны әлемдік деңгейдегі пейзаж шебері реінде даусыз мойындатқан болатын. 19. Оқушы: «ХКБ» ұйымы. Халықаралық Көрме Бюросы 1928 жылы 22 қараша айында, Париж қаласында қол қойылған Халықаралық көрмелерге қатысты Конвенция өтінімдерін қамту және бақылау негізінде құралды. Оның мүшесі болып мүше – мемлекеттердің Үкіметтері болып табылды. ХКБ штаб – пәтері Париж қаласында орналасқан. 20. Оқушы: Халықаралық көрмелердің тақырыбы. Бұрын халықаралық көрме тек технологиялық мәселелерге арналып келсе, соңғы онжылдықтарда экологиялық проблемаларға, адам мен табиғаттың қарым – қатынасына бағытталып отыр.

Көрме өткен жыл Көрме өткен қала Көрменің тақырыбы:

1988 жыл Лиссабон «Мұхиттар – болашақтың мұрасы».

2000 жыл Ганновер «Адам. Табиғат. Технология».

2005 жыл Нагоя «Табиғат даналығы».

2008 жыл Сарагос «Ауыз – су мәселесі».

2010 жыл Шанхай «Көрікті қала – үздік өмір».

2015 жыл Милан «Планетаны тамақтандыру, өмірге арналған энергия».

2017 жыл Астана «Болашақтың энергиясы».

«ЭКСПО – 2017» Қазақстанның болашағы» ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы Мемлекет басшысы бастама көтерді. 2011 жылғы 10 маусымда Приждегі Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске Қазақстан Республикасының ресм өтінімі тапсырылды.

2012 жылға 14 наурызда Мемлект басшысы Қазақстанның елордасында ХКБ – нің сарапшылар комиссиясымен кездесу өткізіп, оның аясында ЭКСПО – 2017 көрмесін өткізу біздің еліміз үшін ұлттық жоба болып табылатынын ерекше атап өтті. 2012 жылғы 12 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясының 151 – отырысында Астананың ресми таныстырылымы болып өтті. Жиынның басында делегаттарға Қазақстан Президентінің арнайы бейне үндеуі жолында. Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады, ол баламалы энергия көздерінге және «жасыл» технологияға арналған. 2012 жылғы 22 қарашада ХКБ – ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. EXPO – 2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. 2012 жылғы 26 қарашада Мемлект басшысы «ЭКСПО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі дайындау мен оны өткізуге жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» №436 Жарлыққа қол қойды. Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болды. оған әлемнің 100- ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 5 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр. ЭКСПО – 2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелерін мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Көрме сондай – ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады және EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді. Испанияның Сарагоса EXPO – 2008 көрмесінің қортындысы бойынша «С» категориялы 104 қатысушы ел ішінде, біздің еліміздің павильоны сыртқы және ішкі рәсімдеу өлшемдері бойынша қола медальмен марапатталды. Халықаралық көрме барша әлемге осы саладағы Қазақстандық ақыл – ойдың қуаты мен әлеуметін паш ететін болды.